


Оған жауыздар ғана кіреді. (15) Сондай етірік деп жалтарғандар. (16) Тақ уарақ болған одан тұзқастырылады. (17) Сондай малын сарып қылыш тазарғандар. (18) Оның онда ешкімге берер еселі сыйлығы жоқ. (Біреудің өзіне істегенінің бодауы түшін емес) (19) Бірақ, ұлы Раббының ризалығын ғана іздейді. (20) Сондай-ақ ол, таяуда разы болады. (21)

93-ЗҮХА СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Он бір аят.

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.
(Мұхаммед F.C. ға бірнеше күн уахи кешігіп қалғанда кәпірлер: "Оны, Раббы тастады" деген екен. Ж.М.Р.Т.) Сәске уақтына, (1) Тым-тырыс тунге ант. (2) Раббың сені тастамады да кейіmedі. (3) Эрине сен түшін ахирет, дүниеден жақсы. (4) Элбетте Раббың саған береді де разы боласың. (5) Сені жетім түрде тауыш орналастырмады ма? (6) Сені абыржуда көріп, жолға салмады ма? (7) Сені кедей көріп, байытпады ма? (8) Ендеше жетімді қорлама, (9) Страушины зекіме. (10) Раббыңың нығметін білдір. (11)



94-ШАРХ СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Сегіз аят.

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.
(Мұхаммед F.C.) көңлінді ашпадық па? (1) Жүгінді түсірмедік пе? (2) Сондай белінді қайыстырган, (3) Сенің абыройынды көтермедік пе? (33-С.56-А.) (4) Негізінде ауырлықпен бірге бір женілдік бар. (5) Шын мәнінде қыншылықпен бірге бір оқайлық бар. (6) Ендеше босай қалсаң және тырыс. (7) Раббыңа ғана бел байла. (8)